



БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 6B01512 – Химия - Биология

БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Бәсекеге қабілетті, практикалық дағдылары мен көшбасшылық қасиеттері бар, оқушының жан-жақты дамыған тұлғасын тәрбиелеу мен қалыптастыруды жүзеге асыруға қабілетті химия және биология мұғалімдерін даярлау; химия және биология саласында жүйеленген білімді қалыптастыру; қазіргі заманғы ғылыми-әдістемелік деңгейде химия және биология бойынша оқу процесін және жобалау қызметін ұйымдастыру.

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

- білім беру (педагогикалық);
- оқу-тәрбиелік;
- оқу-технологиялық;
- әлеуметтік-педагогикалық;

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1–Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы мен философиясының теориялық негіздері мен әдіснамалық тәсілдерін жүйелейді, түсіндіреді, экономикалық деректер мен процестерді, қазіргі кезеңдегі ҚР әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі тарихи оқиғаларын дербес талдайды және өз болашағын жоспарлайды;

ОН 2–кәсіптің жоғары әлеуметтік маңыздылығын, кәсіби этика принциптерін түсінеді, пәндік саланы, педагогикалық өлшемдерді, білім беру жүйесінің даму тенденцияларын, нормативтік құқықтық актілерді және электрондық құжаттаманы жүргізу негіздерін педагогикалық қызметте қолданады;

ОН 3–тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби өзара іс-қимыл міндеттерін шешу үшін мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде ауызша, жазбаша нысандағы коммуникацияны пайдаланады;

ОН 4–оқушылардың зерттеу және жобалау қызметінде және білім беру үдерісінде ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі әдістерін қолданады;

ОН5–өмір бойы өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу қағидаттарын іске асырады, толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтына, білім алушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағдарланады, еңбекті қорғау талаптарын сақтайды;

ОН6 –білім алушылардың әлеуметтік, психофизикалық және жеке жас ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытуды, тәрбиелеуді және дамытуды жүзеге асырады;

ОН 7–химияның жалпы және қолданбалы аспектілері бойынша өз қызметін жүзеге асырумен байланысты мақсаттар қояды және міндеттерді тұжырымдайды;

ОН8– жаратылыстану пәндерінің заңдылықтарын анықтау үшін жаратылыстану компоненттерінің өзара байланысын бағалайды, тиімді білім беру процесін арттыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді;

ОН9–жаңартылған білім беру мазмұнында химия мен биологияны оқытудың ерекшеліктерін, оқытудың инновациялық әдістерін және оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи құралдарын қолданады.

ОН10–химияның теориялық және эксперименттік негіздері, биология және химияны оқыту технологиялары, оқушылардың пәндік біліктері мен дағдыларын қалыптастыру әдістерін, сондай-ақ химия мен биологияға қызығушылықты қалыптастыру және химия мен биология саласындағы білімді күнделікті өмірде пайдалану әдістерін біледі.

ОН 11–химия-биологиялық зерттеулер контекстінде салалық, өңірлік, ұлттық және халықаралық проблемаларды жүйелейді және жинақтайды, тұрмыстық және оқу сипатындағы экологиялық проблемаларды анықтайды және адамдарды қорғаудың оңтайлы жолдарын, қоршаған ортаның жай-күйін жақсартудың түрлі нұсқаларын ұсынады;

ОН12 –жаңа қызметтерді – білім алушылардың білімін, іскерлігін, дағдыларын, құзыреттерін жасауды қамтамасыз ететін кәсіптік білім беру жүйесіндегі кәсіпкерлік негіздерін білетіндігін көрсетеді, кәсіби әлеуетін дамытады, бұл оның жеке өсуін жандандырады және көшбасшылық қасиеттерін ынталандырады.